

"Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 13 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 наурызда № 32202 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 100 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11162 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 42-бабының 3-тармағына және 54-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
5-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
6-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
7-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
8-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
10-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
11-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
12-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
13-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
14-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
15-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
16-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
17-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
18-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
19-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
20-қосымша осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
20-1-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
20-2-қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
21-қосымша осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева)
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы

Г. Пирматов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2023 жылғы 27 наурыздағы
№ 13 Қаулыға
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 8 мамырдағы
№ 75 қаулысына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында
орналастырылған

Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-BVU_Prud_norm

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банк

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың
жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Пруденциялық нормативтер туралы мәліметтер

(мың теңгемен)

№	Атауы	Сомасы
1	2	3
1	Меншікті капиталдың ең аз мөлшері	
2	Меншікті капитал	
3	Бірінші деңгейдегі капитал	
4	Мынадай сома ретіндегі негізгі капитал	
5	Төленген жай акциялар	
6	Қосымша төленген капитал	
7	Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	

8	Ағымдағы жылдың бөлінбеген таза кірісі	
9	Жинақталған ашып көрсетілген резерв	
10	Қайта бағалау резервтері	
10.1	Негізгі құрал-жабдықтарды және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтерін қайта бағалау резервтері	
10.2	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздардың құнын қайта бағалау резервтері	
11	Мыналарды шегергендегі негізгі капитал:	
11.1	сатып алынған меншікті жай акциялар	
11.2	гудвилді қосқанда, материалдық емес активтер	
11.3	өткен жылдардың шығыны	
11.4	ағымдағы жылдың шығыны	
11.5	кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін қоспағанда) сомасына тепе-тең негізде төмендетілген кейінге қалдырылған салық активі (шегерілетін уақыт айырмашылықтарына қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда)	
11.6	басқа қайта бағалау бойынша резервтер	
11.7	активтерді секьюритилендіру бойынша транзакциялармен байланысты сатудан түскен кіріс	
11.8	осындай міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруінен болған кіріс немесе шығын	
	қосымша капиталдан шегерілуге жататын, бірақ оның деңгейінің	

11.9	жеткіліксіз болуына байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулер	
11.10	егер банктің инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азы бар қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына инвестициялары) 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8 және 11.9-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы	
11.11	егер банктің инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көбі бар қаржы ұйымының жай акцияларына инвестициялары) 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9 және 11.10-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы	
11.12	егер кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін қоспағанда) сомасына тепе-тең негізде төмендетілген кейінге қалдырылған салық активінің бір бөлігі 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9 және 11.10-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы	
	егер банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көбі бар	

11.13	қаржы ұйымының жай акцияларына инвестициялары және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін қоспағанда) сомасына тепе-тең негізде төмендетілген кейінге қалдырылған салық активінің бір бөлігі жиынтығында 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8 және 11.9-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталы айырмасының және негізгі капиталдан шегерілетін, 11.10, 11.11 және 11.12-жолдарда көрсетілген, негізгі капиталдан шегерілетін, 11.10, 11.11 және 11.12-жолдарда көрсетілген сомаларға төмендетілген соманың 17,65 (он жеті бүтін жүзден алпыс бес) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы	
12	Мына сома ретіндегі қосымша капитал:	
	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген "Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысымен белгіленген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін 1-1-қосымшасына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №	

12.1	15886 болып тіркелген "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен белгіленген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелері, капиталы мөлшерінің 4-қосымшасына сәйкес Банк капиталының құрамындағы құралдарды жіктеуге арналған критерийлерде белгіленген, нәтижесінде бір мезгілде бір тұлғада қаржы активі және қаржылық міндеттеме немесе басқа тұлғаның барлық өзінің міндеттемелерін шегергеннен кейін қалған заңды тұлға активтерінің үлесіне құқығын растайтын өзге қаржы құралы туындайтын өлшемшарттарға сәйкес келетін мерзімсіз шарттар	
12.2	белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін, төленген артықшылықты акциялар	
13	Мыналарды шегергендегі қосымша капитал:	
13.1	банктің меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына тікелей не жанама тәсілмен инвестициялары	
13.2	банктің сатып алынған меншікті артықшылықты акциялары	
13.3	егер банктің инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азы бар қаржы ұйымының қаржы құралдарына инвестициялары) 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8 және 11.9-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер	

	қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы	
13.4	банктің қосымша капиталдан шегерілетін, шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көбі бар қаржы ұйымының мерзімсіз қаржы құралдарына инвестициялары	
13.5	екінші деңгейдегі капиталдан шегерілетін, бірақ оның деңгейінің жетпеуіне байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулер	
14	Екінші деңгейдегі капитал	
15	Реттелген борыш	
16	Мыналарды шегергендегі екінші деңгейдегі капитал:	
16.1	банктің сатып алынған меншікті реттелген борышы	
16.2	банк инвестицияларының (инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азы бар қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына жиынтығында реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын инвестициялары) инвестициялардың жалпы сомасындағы реттелген борыштағы инвестициялардың үлесіне көбейтілген сомасы	
16.3	банктің заңды тұлғаның шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көп пайызы бар қаржы ұйымдарының реттелген борышына екінші деңгейдегі капиталдан шегерілетін инвестициялары	
17	k1 меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	

18	kl-2 бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	
19	k2 меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	
20	Банктің дивиденд төлеуді тоқтату және акцияларды кері сатып алу бөлігінде шектеу қойылатын бөлінбеген таза кірісі	
21	Қаражаттың кастодиандық шарттың талаптарымен қабылданған, инвестицияланбаған қалдықтары	
22	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтер жиынтығы	
23	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер жиынтығы	
24	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген туынды қаржы құралдарының жиынтығы	
25	Айрықша пайыздық тәуекел	
26	Жалпы пайыздық тәуекел	
27	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиынтығы	
28	Айрықша тәуекел	
29	Жалпы тәуекел	
30	Базалық активі акциялар немесе акциялардың индексі болып табылатын акциялардың нарықтық құнының және туынды қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиынтығы	
31	Шетел валюталарының айырбастау бағамының (бағалы металдардың нарықтық құнының) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиынтығы	
32	Акциялардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиынтығы (сату мақсатында иеленген исламдық бағалы қағаздарды қоса алғанда)	
33	Тауар-материалдық қорлар бойынша нарықтық құнының	

	өзгеруіне байланысты тәуекел жиынтығы	
34	Нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын және қысқа позициялар сомасы	
35	Нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын және қысқа позициялар сомасының айырмасы	
36	Ашық валюталық позициялар сомасы	
37	Нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтер және шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер	
38	Жалпы жылдық кірістің орташа шамасы	
39	Операциялық тәуекел	
40	Бір қарыз алушының немесе банкпен айрықша қатынастармен байланысты емес өзара байланысты қарыз алушылар тобының банк алдындағы міндеттемелердің кез келген түрі бойынша жиынтық берешегі	
41	k3 банкпен айрықша қатынастармен байланысты емес бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті	
42	Бір қарыз алушының немесе банкпен айрықша қатынастармен байланысты өзара байланысты қарыз алушылар тобының банк алдындағы міндеттемелердің кез келген түрі бойынша жиынтық берешегі	
43	k3-1 банкпен айрықша қатынастармен байланысты бір қарыз алушыға (қарыз алушылар тобына) келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті	
44	Банкпен айрықша қатынастармен байланысты барлық қарыз алушылар бойынша тәуекелдер сомасы	
	Банкпен айрықша қатынастармен байланысты қарыз алушылар	

45	бойынша тәуекелдер сомасының коэффициенті	
46	Тиісті қарыз алушылардың міндеттемелері бойынша бланктік қарыздың, қарыз алушы алдындағы не банктің ағымдағы және содан кейінгі екі ай ішінде қарыз алушыға талаптары туындауы мүмкін үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алушы үшін қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің бір тармағынан төмен болмайтын Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің рейтингі немесе Фитч (Fitch) немесе Мудис Инвесторс Сервис (Moody's Investors Service) агенттіктерінің (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттеріне талаптарды және Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A" рейтингінен төмен емес рейтингі немесе одан басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезиденттерді қоспағанда, Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A" рейтингінен төмен емес немесе бір қарыз алушыға немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобына қатысты басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезиденттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының оффшор аймақтарда тіркелген немесе азаматтары болып табылатын бейрезиденттері міндеттемелерінің ең жоғарғы сомасы	
47	Бланктік кредиттің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті	
48	Өрқайсысының мөлшері банктің меншікті капиталының 10 (он)	

	пайызынан асатын банктің бір қарыз алушыға келетін тәуекелдерінің жиынтық сомасы	
49	Әрқайсысының мөлшері меншікті капиталдың 10 (он) пайызынан асатын бір қарыз алушыға келетін тәуекелдердің жиынтық сомасының коэффициенті	
50	"Қазақстан тұрғын үй компаниясы" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына берілген секьюритилендірілген кредиттердің жиынтық сомасы	
51	"Қазақстан тұрғын үй компаниясы" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына берілген секьюритилендірілген кредиттердің жиынтық сомасының коэффициенті	
52	Қазақстанның Даму Банкінің міндеттемелері бойынша банктің тәуекел сомасы	
53	Қазақстанның Даму Банкінің міндеттемелері бойынша тәуекел мөлшерінің коэффициенті	
54	Өтімділігі жоғары активтер	
55	Талап етілгенге дейінгі міндеттемелер	
56	k4 ағымдағы өтімділік коэффициенті	
57	Өтеуге дейін 7 (жеті) күнге дейін қоса алғанда қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелер	
58	k4-1 мерзімді өтімділік коэффициенті	
59	Өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, өтеуге дейін 1 (бір) айға дейін қоса алғанда қалған мерзімі бар өтімді активтер	
60	Өтеуге дейін 1 (бір) айға дейін қоса алғанда қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелер	
61	k4-2 мерзімді өтімділік коэффициенті	
62	Өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, өтеуге дейін 3 (үш) айға дейін қоса алғанда қалған мерзімі бар өтімді активтер	

63	Өтеуге дейін 3 (үш) айға дейін қоса алғанда қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелер	
64	k4-3 мерзімді өтімділік коэффициенті	
65	k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған активтер:	
65.1	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
65.2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
65.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
65.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
66	100 (бір жүз) пайызға тең конверсия коэффициентіне көбейтілген k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған міндеттемелер	
66.1	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
66.2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі	

	рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
66.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
66.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
67	k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті:	
67.1	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
67.2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
67.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
67.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
68	k4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған активтер:	
68.1	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
68.2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
68.3	(валюта түрі көрсетіледі)	

68.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
69	90 (тоқсан) пайызға тең конверсия коэффициентіне көбейтілген k4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған міндеттемелер	
69.1	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
69.2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
69.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
69.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
70	k4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті:	
70.1	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
70.2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
70.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
70.4	(валюта түрі көрсетіледі)	

71	k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған активтер:	
71.1	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
71.2	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
71.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
71.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
72	80 (сексен) пайызға тең конверсия коэффициентіне көбейтілген k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған міндеттемелер	
72.1	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
72.2	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
72.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
72.4	(валюта түрі көрсетіледі)	

73	k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті:	
73.1	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынтығында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)	
73.2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша	
73.3	(валюта түрі көрсетіледі)	
73.4	(валюта түрі көрсетіледі)	
74	Банкте есепті кезең ішінде кредиторлар алдында мерзімі өткен міндеттемелердің болуы (Иә (Жок))	
75	Банкте уәкілетті орган мақұлдаған іс-шаралар жоспарын банктің уактылы орындамау фактісінің болуы (Иә (Жок))	
76	Бейрезиденттер алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер	
77	k7 бейрезиденттер алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелердің ең жоғары лимитінің коэффициенті	
78	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтер	
79	Қаражаттың бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициенті	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы
Күні 20__ жылғы "____" _____

Пруденциялық нормативтердің
орындалуы туралы есеп
нысанына
қосымша

Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп Әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі - 1-BVU_Prud_norm, кезеңділігі – ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 42-бабының 3-тармағына және 54-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды екінші деңгейдегі банктер әр айдың біріндегі жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген "Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысымен белгіленген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесіне (бұдан әрі – № 144 нормативтер) және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып

тіркелген "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен белгіленген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелері, капиталы мөлшеріне (бұдан әрі - № 170 нормативтер) сәйкес толтырылады.

6. 1-жол № 144 нормативтердің 1-тарауына және № 170 нормативтердің 2-тарауына сәйкес толтырылады.

7. 5-жолда № 144 нормативтерге 1-1-қосымшада және № 170 нормативтерге 4-қосымшада белгіленген банк капиталының құрамындағы құралдарды сыныптауға арналған өлшемшарттарға сәйкес келетін ақы төленген жай акциялар бойынша мәліметтер көрсетіледі.

8. 11.7-жолда секьюритизлендіру талаптарынан алынған, болашақта толық немесе ішінара күтуге байланысты болашақ кезеңдердің кірістері көрсетіледі.

9. 12.1-жолда № 144 нормативтерге 1-1-қосымшада және № 170 нормативтерге 4-қосымшада белгіленген банк капиталының құрамындағы құралдарды сыныптауға арналған өлшемшарттарға сәйкес келетін мерзімсіз шарттар бойынша мәліметтер көрсетіледі, олардың нәтижесінде бір мезгілде бір тұлғада қаржылық актив және басқа тұлғада қаржы міндеттемесі немесе заңды тұлғаның барлық міндеттемесі шегерілгеннен қалған оның активтерінің үлесіне құқықты растайтын өзге қаржы құралы туындайды.

10. 12.2-жолда № 144 нормативтерге 1-1-қосымшада және № 170 нормативтерге 4-қосымшада белгіленген банк капиталының құрамындағы құралдарды сыныптауға арналған өлшемшарттарға сәйкес келетін төленген артықшылықты акциялар бойынша мәліметтер көрсетіледі.

11. 15-жолда № 144 нормативтерге 1-1-қосымшада және № 170 нормативтерге 4-қосымшада белгіленген банк капиталының құрамындағы құралдарды сыныптауға арналған өлшемшарттарға сәйкес келетін реттелген борыш бойынша мәліметтер көрсетіледі.

12. 20-жолда № 144 нормативтерге 4-қосымшаға және № 170 нормативтерге 3-қосымшаға сәйкес дивиденд төлеуді тоқтату және акцияларды кері сатып алу бөлігінде шектеу қойылатын бөлінбеген таза кіріс сомасы көрсетіледі.

13. 22-жол кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

14. 23-жол кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

15. 24-жол кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

16. 25-жол айрықша пайыздық тәуекелді есептеудің талдамасы (валюталар бөлігінде) туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

17. 26-жол жалпы пайыздық тәуекелді есептеудің талдамасы (валюталар бөлігінде) туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

18. 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50 және 51-жолдар бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің талдамасы (қарыз алушылар бөлігінде) туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

19. 54, 55 және 56-жолдар k4 ағымдағы өтімділік коэффициентінің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

20. 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63 және 64-жолдар k4-1, k4-2, k4-3 мерзімді өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

21. 65, 65.1, 65.2, 65.3, 65.4, 66, 66.1, 66.2, 66.3, 66.4, 67, 67.1, 67.2, 67.3, 67.4, 68, 68.1, 68.2, 68.3, 68.4, 69, 69.1, 69.2, 69.3, 69.4, 70, 70.1, 70.2, 70.3, 70.4, 71, 71.1, 71.2, 71.3, 71.4, 72, 72.1, 72.2, 72.3, 72.4, 73, 73.1, 73.2, 73.3 және 73.4-жолдар k4-4, k4-5, k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

22. 76 және 77-жолдар екінші деңгейдегі банктерді Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

23. 79-жол ішкі активтердің, ішкі және өзге міндеттемелердің орташа айлық шамасын, қаражат бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

24. 32, 33 және 78-жолдарды исламдық екінші деңгейдегі банктер ғана толтырады.

25. 17, 18, 19, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 56, 58, 61, 64, 67, 67.1, 67.2, 67.3, 67.4, 70, 70.1, 70.2, 70.3, 70.4, 73, 73.1, 73.2, 73.3, 73.4, 77 және 79 - жолдарда үтірден кейін үш таңбалы мәндер көрсетіледі.

26. 45, 47, 49 және 53 - жолдарды толтыру үшін мына қысқартулар қолданылады:

банкпен айрықша қатынастармен байланысты қарыз алушылар бойынша тәуекелдер сомасының коэффициенті – Pо;

бланктік кредиттің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті – Бк;

әрқайсысының мөлшері меншікті капиталдың 10 (он) пайызынан асатын бір қарыз алушыға шаққандағы тәуекелдердің жиынтық сомасының коэффициенті – Рк;

Қазақстанның Даму Банкі міндеттемелері бойынша тәуекел мөлшерінің коэффициенті – Рбрк.

27. Деректер болмаған кезде Нысан ұсынылмайды.

Қаулыға
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 8 мамырдағы
№ 75 қаулысына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2-BVU_RA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банк

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы

(мың теңгемен)				
№	Баптардың атауы	Сомасы	Пайызбен тәуекел дәрежесі	Есептелетін сомасы
1	2	3	4	5
	I топ			
1	Қолма-қол ақша		0	
2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің		0	

	бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы			
3	Аффинирленген бағалы металдар		0	
4	Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілген қарыздар		0	
5	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар		0	
6	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілген қарыздар		0	
7	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар		0	
8	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі		0	

	бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар			
9	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына берілген қарыздар		0	
10	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өзге де талаптар		0	
11	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		0	
12	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму Банкіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар		0	
13	Қазақстан Республикасы Үкіметінің		0	

	дебиторлық берешегі			
14	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының салықтар мен бюджетке төленетін басқа төлемдер бойынша дебиторлық берешегі		0	
15	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
16	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
17	Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстанның Даму Банкі, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі, "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының		0	

	Ұлттық валютасында номинирленген бағалы қағаздар			
18	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (бір жүз) пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар		0	
19	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		0	
20	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		0	
	Ашылған корреспонденттік шоттар бойынша			

21	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктерге талаптар		0	
22	I тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		0	
	II топ			
23	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "AA-" төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы		20	
24	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар		20	
25	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің		20	

	бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар			
26	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар		20	
27	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына берілген қарыздар		20	
28	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "AA"-төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар		20	
29	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "AA"-төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар		20	
	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі			

30	бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		20	
31	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		20	
32	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар		20	
33	I тәуекел тобына жатқызылған дебиторлық берешекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының дебиторлық берешегі		20	
34	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік		20	

	агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі			
35	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"- тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		20	
36	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"- тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		20	
37	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар		20	

38	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	20		
39	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	20		
40	Банк баланста ұстап тұрған және Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "ААА"-дан "АА-" дейін кредит рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан "kzAA-" дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі б а р	20		

	секьюритилендіру позициялары			
41	II тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		20	
III топ				
42	Аффинирленбеген бағалы металдар		50	
43	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "BBB+" -тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар		50	
44	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "BBB+" -тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар		50	
45	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "BBB+" -тен "BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар		50	
	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-			

46	тен "А"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	50		
47	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	50		
48	Мына талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 77, 78 және 79-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарыз сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнының 50 (елу) пайызынан қоса алғанда аспайды	35		
	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (бір жүз) пайызы Қазақстан			

49	Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға белгілеген, сатып алуға арналған талаптарға сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары, сондай-ақ олар бойынша сыйақылар		35	
50	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (бір жүз) пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғаға қайта берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талаптар		35	
51	Мына талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 77, 78 және 79-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарыз сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнының 51 (елу бір) пайызынан 85 (сексен бес) пайызына дейін қоса алғандағы шекте болады		50	

52	Басқа да ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 77, 78 және 79-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда)		100	
53	Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 35 (отыз бес) пайыздан аз провизиялар (резервтер) қалыптастырылған қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 76, 77, 78, 79 және 80- жолдарында көрсетілген қарыздарды, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген кепілсіз тұтынушылық қарыздарды қоспағанда)		100	
	Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен			

54	берешегі бар, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 35 (отыз бес) пайыздан көп және 50 (елу) пайыздан аз провизиялар (резервтер) қалыптастырылған қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 76, 77, 78, 79 және 80-жолдарында көрсетілген қарыздарды, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген кепілсіз тұтынушылық қарыздарды қоспағанда)		75	
55	Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 50 (елу) пайыздан көп провизиялар (резервтер) қалыптастырылған қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 76, 77, 78, 79 және 80-жолдарында көрсетілген қарыздарды,		50	

	сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген кепілсіз тұтынушылық қарыздарды қоспағанда)			
56	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі не сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілерге берілген, мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін қарыздар: 1) қарыз сомасы 500 (бес жүз) миллион теңгеден немесе меншікті капиталдың 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайызынан аспайды ; 2) қарыз валютасы – теңге		2022 жылғы 1 қаңтар - 2023 жылғы 31 желтоқсан – 50 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 75	
57	Синдикатталған қаржыландыру шеңберінде заңды тұлғаларға теңгемен берілген қарыздар		2022 жылғы 1 маусым - 2023 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда – 50	
58	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "BBB+" -тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		50	
	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "BBB+" -тен "BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе			

59	басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қ а р ж ы ұйымдарындағы салымдар		50	
60	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-дан "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар		50	
61	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі		50	
62	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		50	
	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке			

63	дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		50	
64	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар		50	
65	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар		50	
	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі не сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының ресми тізімінің "Негізгі" не "Баламалы"			

66	алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген, сомасы осы бағалы қағаздардың номиналды құнының кемінде 50 (елу) пайызын жабатын "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының және (немесе) Қазақстанның Даму Банкінің кепілдігі бар және мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін бағалы қағаздар: 1) эмитенттің бағалы қағаздарының бір шығарылымына инвестициялардың көлемі меншікті капиталдың 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан аспайды; 2) бағалы қағаздар шығару валютасы – теңге	50		
67	Банк баланста ұстап тұрған және Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейін кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzA+"-тен "kzA"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе	50		

	басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары			
